

ХАЙРЖАН БЕКХОЖИН


ҚАЗАҚ
БАСПАСӨЗІНІҢ
ДАМУ ЖОЛДАРЫ

(1860 — 1930 жылдар)

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
Алматы — 1964

Бұл кітапта архив документтері мен көптеген нақты материалдар негізінде қазақтың мерзімді баспасөзінің пайда болуы, қалыптасуы және дамуы баяндалады. Қазақстанның Россияға ерікті түрде қосылуының нәтижесінде пайда болған қазақ ағартушыларының ұлттық демократиялық публицистикасы мен алғашқы қазақ тіліндегі газеттердің, сондай-ақ ХХ ғасырдың басындағы демократияшыл бағыттағы қазақ баспасөзінің атқарған ісі көрсетіледі.

Сонымен бірге қазақ баспасөзінің совет дәуіріндегі (жиырмамыншы жылдардағы) жұмысына талдау жасалады. Атап айтқанда, Совет өкіметі үшін күресте, халық шаруашылығын қалпына келтіру, социалистік индустрияландыру, ауыл шаруашылығын жаппай коллективтендіруге әзірлік дәуірлерінде қазақ баспасөзінің қандай роль атқарғандығы жөнінде айтылады.



АЛҒЫСӨЗ

Қазақ баспасөзі ХІХ ғасырдың екінші жартысында, яғни Қазақстанның Россияға қосылуының нәтижесінде пайда болды. Оның даму тарихы әлі толық зерттеліп, бір жүйеге келтірілген жоқ. Автор осы олжылықтың орнын мүмкіндігінше толықтыруды мақсат етеді. Қазақ баспасөзі жөнінде тек қана жеке мақала, кітапша және еңбектерде азды-көпті мағлұматтар беріліп, әртүрлі пікірлер айтылып келді.

Қазақ баспасөзінің бағыт-бағдарына алғаш баға бергендердің бірі — жазушы-академик Сәбит Мұқанов. Ол өзінің 1932 жылғы «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген кітабында қазақ баспасөзіне біраз талдау жасайды. Сол сияқты профессор Қ. Жұмалиев пен профессор Е. Исмайыловтың 1941 жылғы «Қазақ әдебиеті» деген оқу құрамында, «Қазақ ССР тарихында» (үш рет басылуында да), Қ. Бейсембиевтің 1961 жылғы «Қазақстанда ХІХ ғасырдың аяқ шенінде және ХХ ғасырдың басында болған саяси-идеялық ағымдар» деген кітабында қазақ баспасөзі туралы сөз болады.

Бірақ қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуде елеулі қателіктер, үлкен кемшіліктер болды. Мысалы, «Социалистік Қазақстан» газеті 1951 жылғы 17 ноябрьдегі «Қазақ баспасөзін зерттеудегі өрескел қателер» деген мақаласында, осы кітаптың авторы «Дала уалаяты» газеті туралы жазған кандидаттық диссертациясында және Б. Кенжебаевтың 1950 жылғы «Қазақ баспасөзінің тарихынан» деген кітапшасында жіберілген қате, кемшіліктер сыналды.

Сонымен қатар қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуде асыра сілтеушіліктер де болды. Кейбіреулер револю-

циядан бұрынғы және революция тұсындағы қазақ баспасөзінің бәрі дерлік реакцияшыл, байшыл-ұлтшыл бағытта болды, сондықтан оны зерттеудің қажеті жоқ дегенді айтты. Мысалға Ж. Сәрсековтың «Тарихи шындық бұрмаланбасын» деген мақаласын алуға болады¹.

Кейінгі жылдары қазақ баспасөзін зерттеудегі қателіктерді түзеу жөнінде бірқатар жұмыстар істелді. Б. Кенжебаев жоғарыда аталған кітапшасын түзетіп, 1956 жылы «Қазақ баспасөзі тарихынан» деген атпен қайта бастырып шығарды. Осы кітаптың авторы да бұрынғы жіберген қателіктерін ескере отырып, қазақ баспасөзі тарихына байланысты бірқатар мақала жариялады, осыған орай басқа авторлардың да мақала, кітапшалары жарық көрді.

Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуге бұрын-соңды басылып шыққан библиографиялық көрсеткіштер көп жеңілдік келтіреді. Бұл жөнінде Алектровтың², Седельниковтың³, Сәбитовтың⁴, сондай-ақ академик Ә. Марғұлан мен профессор Е. Исмайыловтың басшылығымен Ү. Сұбханбердина⁵ құрастырған библиографиялық көрсеткіштерді атап көрсетуге болады.

Осылардың бәрі қазақтың мерзімді баспасөзінің тарихы туралы жинақы кітап жазу қажеттігін туғызды. Бұл жөнінде автор көптен бері зерттеу жүргізді, бірақ бұдан 1860—1930 жылдар арасындағы шыққан қазақ газеттері мен журналдарын түгел де егжей-тегжейлі зерттеген екен деген ұғым тумауы керек. Бұл, біріншіден, тек бір кісінің қолынан келетін іс емес. Бұл кітапты автор өзінің және басқалардың зерттеулері негізінде жазды.

Екіншіден, бір кітаптың ішінде қазақтың мерзімді баспасөзінің барлық жағдайын қамту да мүмкін емес.

¹ «Әдебиет және искусство», № 7, 1951.

² Алектров А. Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. Казань, 1900.

³ Седельников В. М. Библиографический указатель по казахскому устному творчеству, вып. 1, 1771—1916, Алма-Ата, 1951.

⁴ Сабитов Н. Библиографический указатель материалов по истории Казахстана. Алма-Ата, 1947. «Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» (1862—1917), Алматы, 1948.

⁵ Ү. Сұбханбердина. «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. Алматы, 1961. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. Алматы, 1963.

Біз қазақ баспасөзінің бетінде әр кезеңдегі тарихи оқиғаларға байланысты көтерілген басты-басты мәселелерге тоқталдық, оны талдау арқылы әрбір баспасөз органының идеялық мазмұнын, белгілі дәуірде атқарған ролін көрсетуге тырыстық.

Бұл жөнінде біз баспасөз тарихын зерттеудің лениндік методологиясын басшылыққа алдық. «Россиядағы жұмысшы баспасөзінің тарихын түсіну үшін,— деп көрсетті В. И. Ленин,— баспасөздің әртүрлі органдарының аттарын ғана біліп қоймау керек, ол аттар осы замандағы оқушыға ешнәрсе айтып бере алмайды және оларды тек шатастырады; қайта, одан гөрі... мазмұнын, сипатын, идеялық жолын білу керек»¹.

Әрине, қазақ баспасөзінің тарихын Россиядағы жұмысшы баспасөзінің тарихымен теңестіруге болмайды. Өйткені жұмысшы баспасөзінің тарихы В. И. Ленин айтқандай, орыс социал-демократиясындағы екі бағыттың тарихы. Ал қазақ баспасөзінің тарихы дегеніміз қазақ халқының дамуындағы екі бағыттың — Қазақстан Россияға қосылғаннан кейін пайда болған прогресшіл, демократиялық бағыт пен кертартпалық, байшыл-ұлтшылдық бағыттың тарихы деуімізге болады.

Сондықтан қоғамның дамуында қазақ баспасөзі органдарының қайсысы прогресшіл роль атқарды, қайсысы өзінің кертартпалығымен қоғамның дамуына кедергі жасады,— соны білу керек.

Біз жоғарыда қазақ баспасөзінің тарихы әр кезеңдегі тарихи оқиғаларға байланысты зерттелуі тиіс дедік. Бұл қазақ халқының әлеуметтік өміріне, экономикалық жағдайына тығыз байланысты зерттелуі тиіс деген сөз. Осылай зерттелгенде ғана баспасөздің қоғам дамуында атқаратын ролі айқындала түседі.

Тағы бір жайды ескеру қажет. Революциядан бұрынғы қазақ баспасөзінде біріне-бірі қарама-қарсы әлеуметтік күштер арасындағы күресі, екі түрлі мәдениеттің әсері көрінетінін естен шығаруға болмайды.

В. И. Ленин өзінің «Ұлт мәселесі жөніндегі сын ескертпелер» деген еңбегінде:

«...Біз әрбір ұлттық мәдениеттің ішінен тек оның демократиялық және оның социалистік элементтерін аламыз, оларды алғанда тек қана және сөзсіз түрде әрбір

¹ В. И. Ленин. Шығармалар, 20-том, 250-бет.

ұлттың буржуазиялық мәдениетіне, буржуазиялық ұлтшылдығына қарама-қарсы аламыз»¹ деп көрсетті.

Қазақ баспасөзінің тарихын зерттегенде В. И. Лениннің осы нұсқауын басшылыққа ала отырып, бұл кітапта қазақтың ұлттық мәдениетінің айқын көріністерінің бірі болып табылатын баспасөзінен тек оның прогрестік, демократиялық және социалистік жақтарын көрсетуге, оларды кертартпа, буржуазияшыл-ұлтшыл баспасөзіге қарама-қарсы көрсетуге тырыстық.

Кітап екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде қазақ ағартушыларының ұлттық публицистика мен баспасөздің негізін салу жөніндегі қызметі, қазақ баспасөзінің прогресшіл бағыты кертартпалыққа қарсы күресте дамығаны және онда қазақ ағартушыларының демократияшылдық дәстүрлері жалғастырылып келгені сөз болады.

Қазақстанда коммунистік баспасөздің, яғни қазақ совет баспасөзінің туып, дами бастаған дәуіріндегі қызметін жинақтап баяндау үшін Т. Амандосовтың², С. Имашевтің³, Б. Қенжебаев пен Т. Қожакеевтің⁴ кітапшалары және басқалардың еңбектері қосымша құнды материал болғанын автор арнайы атап өтеді.

Екінші бөлімде қазақ совет баспасөзінің халық шаруашылығын қалпына келтіру, оны социалистік жолмен индустрияландыру және ауыл шаруашылығын жаппай коллективтендіруге әзірлік дәуірлерінде қандай роль атқаратындығы көрсетілді.

¹ В. И. Ленин Шығармалар, 20-том, 9-бет

² Т. Амандосов Верныйдағы большевиктік тұңғыш қазақ газеті, 1959

³ С. Имашев Зарождение коммунистической печати в Казахстане, 1961.

⁴ Б. Қенжебаев, Т. Қожакеев. Қазақ совет баспасөзі тарихынан, 1962

Бірінші бөлім

**ҚАЗАҚТЫҢ
РЕВОЛЮЦИЯДАН
БҰРЫНҒЫ МЕРЗІМДІ
БАСПАСӨЗІ**

Бірінші тарау

ҚАЗАҚТЫҢ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ

1. Қазақ публицистикасы мен баспасөзінің негізін салушылар

Қазақстанның Россияға ерікті қосылуы нәтижесінде орыс халқы мен қазақ халқының алдыңғы қатарлы өкілдері арасында рухани және достық қарым-қатынастар қалыптаса бастады. «Революциядан бұрынғы кездің өзінде,— деп көрсетті Н. С. Хрущев,— демократияшыл орыс интеллигенциясының аса көрнекті қайраткерлерінің Россияның барлық халықтары интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдерімен тығыз байланысты болғаны, ұлттық езуге қарсы белсенді күрес жүргізгені, әртүрлі ұлттар мен халықтардың мәдениетін дамытуға игі әсер еткені мәлім».¹

Н. С. Хрущев жолдастың айтқанының толық және түгелімен Қазақстанға да қатысы бар. Қазақ ағартушылары Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсаринның және Абай Құнанбаевтың қоғамдық саяси көзқарастары орыстың алдыңғы қатарлы революцияшыл демократтарының озық идеяларының әсерімен қалыптасты.

Шоқан Уәлихановтың қоғамдық-саяси көзқарасының демократтық бағытта болып қалыптасуына оның 1860 жылы Петербургте болуының ерекше маңызы болды. Атышулы 1861 жылғы реформаның қарсаңында революциялық жағдайдың пісіп-жетілуі Шоқанға екі Россияның бар екенін: бір жағынан — революциялық-демократиялық идеяларының жаршылары Герценнің «Қолоколы» мен Чернышевскийдің «Современнигі», екін-

¹ Н. С. Хрущев Әдебиет пен өнер халықтың өмірімен тығыз байланысты болсын. «Социалистік Қазақстан», № 203, 30 август 1957.

ші жағынан — патшаның шайқалып тұрған тағын төңіректеген ресми чиновниктер дүниесі Россиясының, помещиктер мен капиталистер Россиясының бар екенін айқын көрсетті. Бостандық үшін күресіп жатқан прогресшіл, демократияшыл Россияны Шоқан Уәлиханов өзінің ұлы Отаны деп есептеді.¹

XIX ғасырдың 60 жылдарында Россияда қоғамдық даму проблемаларының барлығы, В. И. Ленин атап көрсеткендей, крепостниктік тәртіпті жою мәселесіне келіп тірелді. Осыған байланысты біріне-бірі қарама-қарсы саяси екі ағымның, либерал крепостниктер мен революцияшыл демократтар арасында қатты шиеленіскен идеялық күрес болып жатты. Либералдар Россияда жер мәселесі шешілуінің пруссиялық-реформаторлық жолын ұсынды, басқаша айтқанда, помещиктер шаруашылығын, жер иелену правосын олардың өзінде қалдыра отырып, оны бірте-бірте капиталистік шаруашылыққа айналдыруды көздеді. Ал революцияшыл демократтар бұл мәселеге басқаша қарады. Н. Г. Чернышевский және оның шәкірттері крепостниктік тәртіпті және помещиктердің жер иелену правосын революциялық жолмен біржола жойып жіберуді талап етті.

Шоқан Петербургте болған кезінде алпысыншы жылдардың қозғалысын зерттейді. Сол кездегі таңдаулы журналдарды оқиды. Бұл кездегі таңдаулы журналдар А. И. Герценнің шет елде шығарып тұрған «Колоколы», Н. Г. Чернышевский мен Н. А. Добролюбов тұсындағы «Современник» (1854—1862) болатын. Герцен барлық халықтардың тең правосы болуын талап етті, патша үкіметінің қазақ халқына деген жендеттік саясатын бүкіл әлем алдында әшкереледі². Революцияшыл демократтар Россияның езгі көріп отырған халықтарының азаттық жолындағы күресіне ниеттестік білдіріп отырды, шет аймақтардағы ұлт-азаттық қозғалысын олар орыс халқының патшалыққа қарсы күресімен өте тығыз байланысты деп есептеді. Н. Г. Чернышевский патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы шықты.

Н. Г. Чернышевский сияқты Шоқан Уәлиханов та өзінің публицистикалық мақалаларында халық бұқарасының мүддесін қорғады, әділеттік үшін күресті. Мысал-

¹ Қазақ ССР тарихы, 1-том, Алматы, 1957, 470-бет.

² «Колокол» № 26, 1858.

ға оның «Сот реформасы» деген хатын алуға болады. Бұл өтініш ретінде жазылған жай хат емес, қазақ халқының әлеуметтік, шаруашылық және мәдени өмірінің көкейтесті проблемалық мәселелерін қозғайтын публицистикалық мақала.

Шоқанның бұл мақаланы жазуына мынадай жағдай себеп болады. Патша үкіметі 1864 жылы қазақ елін билеу және онда сот жүргізу істеріне өзгеріс жасауға кіріседі. Бұл реформаның жобасын жасайтын комитет патша үкіметінің отаршыл чиновниктері мен қазақтың үстем табының өкілдерінен құрылады. Шоқан өзінің «Сот реформасы туралы» деген мақаласында патша үкіметінің қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ескермей, қалың бұқараның пікірімен санаспай жобаны тек қана билер мен сұлтандардың айтқандарына сүйеніп, солардың мүдделеріне лайықтап жасап отырғанын әшкерелейді.

Публицист Шоқанның халық бұқарасының мұн-мұқтажын жақтайтыны оның мынадай тұжырымдауынан айқын көрінеді: «Қоғамдағы мерейі үстем таптың пікірін,— деп мәлімдейді ол,— халықтың шын мұқтажына қарсы пікір деп қарау керек, өйткені қоғам ішіндегі атақты және бай адамдардың мақсаты, жоғары мәдениетті елдердің өзінде де, көбіне бұқара көпшіліктің мүддесіне жат болады»¹.

Қазақстанның Россияға қосылуының прогресшіл маңызын қазақтың ағартушы-демократтарының ішінде бірінші болып дұрыс түсінген, қазақ халқының ұлы орыс халқымен дос болуына насихаттаған Шоқан болды. «Орыспен біз тарихи байланыстамыз, онымен біздің қанымыз араласқан»— деп жазды ол. Сондықтан қазақ халқы отандастығы жағынан өзін орыстардың ағайынымыз деп есептейтінін, Россияға ерікті түрде қосылғанын Шоқан атап көрсетті.

Шоқан ұлттық томаға тұйықтыққа, нигелизмге қарсы болды, орыс пен қазақ халқының экономика және мәдениет жөніндегі өзара қарым-қатынастарының игі әсеріне кәміл сенді. «Біз,— деп жазды ол,— европалық, жалпы адамзаттық ғылым мен білімді меңгеру дамуға және мәдениетке бейімді әрбір халықтың түбегейлі мақ-

¹ Ч. Ч. Валиханов. Записка о судебной реформе. собр. соч., т. I, Алма-Ата, 1961, стр. 495.

саты деп білеміз»¹. Публицист өзінің ағартушылық міндетін алдымен қазақты ұлы орыс халқының озат мәдениетіне жақындату деп түсінді.

Сонымен қатар Шоқан өз халқының ұлттық намысын қорғай да білді. Кейбіреулер ойлағандай қазақ халқы «сондай тағы және дәрежі емес, қоғамдық прогреске бейім және болашағы зор халық» деп танытты ол өз халқын басқа жұртқа². Ол өз халқы мен отанына деген шын сүйіспеншілігін басқа халықтарды, алдымен ұлы орыс халқын, оның озат мәдениетін, алдыңғы қатарлы адамдарын сыйлаумен ұштастырды. Орыстың революцияшыл демократ публицистері сияқты Ш. Уәлиханов өз халқына жаны ашығандықтан оның надандығын, әдет-ғұрпының зиянды жақтарын ешбір іркілместен қатты сынады.

Қазақ публицисі біз талдап отырған мақаласында неке-талақ істерін молдалардың қолынан алуды, салықты көшпелі халықтың мал басының санына қарай салуды талап етті.

Сөйтіп, Шоқан Уәлиханов «Сот реформасы туралы» деген публицистикалық мақаласында тек право мәселелері жөнінде сөз етіп қойған жоқ, сол кездегі шешуді керек етіп отырған басқа да әлеуметтік маңызы бар мәселелерді — ғылым-білім, әйел теңдігі мәселелерін де қамтыған.

Гуманист-публицист әйел теңдігі мәселесіне өзінің «Сахарадағы мұсылманшылық туралы» деген мақаласында да баса көңіл бөлді. Ол қазақтардың балаларын тумай жатып атастырып, балиғатқа толмаған қызын қалың малға сатып, жесір әйелді әмеңгерлік салтымен зорлап қосатын тағылық әдеттеріне қарсылық білдірді. Шоқан мұның бәрін адам өміріне еткен қастық, оның правосына қол сұққандық деп білді де, әйел теңдігі мәселесін күн тәртібіне қойды. Ол «қазақтар қыздарын жасқа толмай күйеуге бермейтін болсын, ата-аналары өздерінің балаларын тұрмысқа шығуға, үйленуге күштемейтін болсын» деп ұсыныс енгізді.

Сонымен қатар ол әйелдердің саяси праволары, олардың қоғамдағы азаматтық орны туралы да өзінің пікірін білдірді. Мұсылманшылықтың кертартпалығына қарамастан, Қашғарияда әйелдер қоғамда және тұрмыста

¹ Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч., том 1, стр. 496.

² Бұл да сонда, том 1, стр. 499.

кейбір бостандық правосымен пайдаланатынын, әйелдер көпшілік жиналыстарға қатысып отыратынын¹ жақсы дәстүр ретінде мысалға келтіреді.

Ш. Уәлихановтың «Қазақтардағы шамандықтың қалдықтары» деген мақаласында діннің шығу себептерін түсіндіруі Н. А. Добролюбовтың «Орыс әдебиетін дамытуға халықтың қатысу дәрежесі»² деген мақаласында берген түсіндіруіне өте ұқсас: Добролюбов сияқты Уәлиханов діннің пайда болуының себебін алғашқы адамдардың табиғатпен күрестегі әлсіздігінде, табиғатты стихиялық күштеріне тәуелді болуында деп материалистік тұрғыдан түсіндіреді.

Ислам дінін уағыздаушы молдалардың ұлт араздығын қоздырып, халықтар достығына нұқсан келтіретінін Шоқан нақтылы мысалдармен әшкерелейді. Петропавл (Қызылжар) қаласының мұсылман тұрғындарының арасында, — деп жазады ол, — карта ойнау күнә бола ма, егер күнә болса, қандай дәрежеде болады екен? — деген күдік туады. Бұл туралы олар ең ғұлама деген молдадан барып сұрайды. Ол суайт: «Мұсылмандардың өзара карта ойнауы үлкен күнә. Ал ұтып алу үшін орыстармен карта ойнау күнә емес» депті.³

Қоғамның экономика жөнінен алға басуын материалистік тұрғыдан қарай отырып, Шоқан: «жеке адам және бүкіл адамзат өзінің дамуында түбегейлі мақсатқа — өзінің материалдық жағдайын жақсартуға ұмтылады. Міне, прогресс дегеніміз осы»⁴, — деп көрсетті. Көшпелі халық байлығының бірден-бір негізі мал, оны өсіру — оның негізгі кәсібі. Шоқан өзінің «Қазақтардың қонысы туралы» деген мақаласында патша үкіметінен жерді көшпелі қазақтар мен казак-орыстарға бірдей тиімді болатын етіп бөліп бергізуді талап етті.⁵

Н. А. Добролюбов айтқандай нағыз патриотизм жеке көзқарастар мен мүдделерден жоғары тұрады және ол адамзатқа деген сүйіспеншілікпен әрқашан тығыз байланысты⁶. Өз халқы үшін көкейтесті мәселе болып табылатын жер мәселесі жөнінде Шоқан жеке ұлттық мүдде-

¹ Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч., в пяти томах, том II, 1962, стр. 348.

² Н. А. Добролюбов. Пол. собр. соч., том I, М. 1957, стр. 206—207.

³ Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч., т. I, стр. 520.

⁴ Бұл да сонда, 495-бет.

⁵ Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч., т. I, стр. 534—535.

⁶ Н. А. Добролюбов. Пол. собр. соч., т. III, стр. 227—228.

нің шеңберінде қалып қоймай қазақ пен орыс халқының ортақ мүдделерін ескеруді ұсынды. Ол жерге орналас-тыру мәселесін әділеттікпен шешуді талап етті. Бұл оның отандас қазақ пен орыс халқын бірдей жақсы көретінін, нағыз патриот екенін айқын дәлелдейді.

Ш. Уәлиханов сол кездің өзінде-ақ мал шаруашылығымен қатар егіншілікті ауыл шаруашылығының жеке бір саласы деп бағалап, ертеден егіншілікпен айналыса бастаған Жетісу мен Сыр бойының қазақтары сияқты барлық қазақ халқы бірте-бірте егіншілікпен айналысып, әуелі жартылай көшпелі, кейін отырықшы ел болады деп сенді.

Шоқан Уәлиханов өзінің орыс достарына жазған хаттарында да нағыз бұқарашыл публицист екенін көрсетті. Мысалы, Ф. М. Достоевскийге 1862 жылы 15 октябрьде жазған хатында қалың бұқараны «чиновниктер мен бай қазақтардың озбырлығынан қорғау үшін»¹ күресетінін айтады, сол жылы 6 декабрьде А. Н. Майковке: «жергілікті сұлтандармен және байлармен сыйыса алмаймын, бірақ, оның есесіне, сахара пролетариатымен өте доспын, олармен тез түсінісе кетемін» деп жазды.²

Публицистикалық және ғылыми-зерттеу мақалаларында Шоқан қазақтың әдебиеті мен тілін дамытудың жолдарын айтып, жөн сілтейді. Ол «Халқымыздың бай және ақындық қасиеттен кенде емес тамаша әдебиеті бар»³— деп мақтаныш етті және өзі жақсы білетін қазақтың ауыз әдебиеті мұралары мен орыстың классикалық озық әдебиеті қазақтың жазба әдебиетінің жаңа бағытта дамуының қайнар көзі, үлгі-өнегесі болады деп білді. Ол өз халқының ауыз әдебиеті мұраларын, ақындардың шығармаларын қоғамдық даму процестерімен байланысты зерттеп, келелі пікір айтты.

Ш. Уәлиханов «Оңтүстік сибирьлік тайпалар тарихы жөнінде» деген мақаласында:

«Қазіргі кезде де ескінің жаңамен, шығысқа еліктеуші мұсылмандық бағыт пен орыс бағытының елеусіз, бірақ күшті күресі болып жатыр деуге болады... Бұл ағымдар бірі біріне мүлде қарама-қарсы бағыттар»⁴ деп көрсетті.

¹ Ч. Уәлиханов. Избр. произ., 1958, стр. 562.

² Бұл да сонда, 568-бет.

³ Ч. Ч. Уәлиханов. Собр. соч., т. 1, стр. 499.

⁴ Ч. Ч. Уәлиханов. Собр. соч., т. 1, стр. 398

Осы бір біріне қарама-қарсы бағыттардың бірінші жағын, атап айтқанда, ескі патриархалдық-феодалдық қатынастарды жақтаған, көне шығысқа еліктеп, ислам діні идеологиясын бетіне ұстаған, Россияға қосылуға қарсы шыққан бағытты басқарушылар кертартпа ақын-жазушылар болды. Бұл ағыммен күрес жүргізіп, дүние жүзі мәдениетінен үйреніп, оның ішінде орыс мәдениетіне ерекше мән берген, содан үйренуге шақырған жаңа бағытты басқарушылар ағартушы-демократтар болды. Бұл жаңа ағымның жаршысы Шоқан болды. Оған Ыбырай мен Абай келіп қосылып, ағартушылық бағытты бұқарашылдық негізде одан әрі дамытты.¹

Публицист Шоқан қоғамдық маңызы бар тіл білімі мәселелерімен де шұғылданған. Жоғарыда көрсетілген мақаласында ол түрік және монғол тектес тілдерді салыстыра зерттеп, бұл тілдердің ұқсастығын табады. Осы мақалада орыс алфавитін қабылдау идеясын, оны қабылдағанда түрік тектес тілдерге, соның ішінде қазақ тіліне тән дыбыстарды қосымша таңбалау қажеттігін қазақ интеллигенциясы ішінде бірінші болып айтқан Шоқан екені анықталады².

Тағы сол мақаласында ол өзінің ана тілін мақтайды және келешекте қазақ тілінің дамуын, оның ғылыми жолмен ережелері мен қағидалары жасалуын арман етеді. «Қазақ тілі,— деп жазды ол,— түрік тектес тілдердің ішіндегі ең жақсысы. Әттең, ол әлі жөнге салынып, ұстартылмаған³.

Шоқан ана тілін жоғары бағалаумен бірге, оның басқа жұрттың сөздерімен орынсыз шұбарлануына қарсы болды. Бұған оның атақты суырыпсалма ақын Орынбайға жасаған ескертуі куә. «Сен қазақ тілін,— деген ол,— шағатай, татар сөздерімен шұбарлама, қазақ тілінің қуаты онсыз да жетіп жатыр» (өзінің замандасы И. Ибрагимовтың естелігінен).

Шоқан Уәлиханов журналистиканың қоғамдық-саяси маңызын, атқаратын ролін жоғары бағалады. Баспасөз жұмысына қатынасу оның ертеден бергі арманы еді. Оның «Абылай», «Қырғыздар туралы» «Жоңғар очерк-

¹ Б. Ғабдуллин. А. Ысқақов. Қазақ ағартушы-демократтарының дін жөніндегі пікірлері, 1961, 7-бет.

² Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч., т. 1, стр. 382.

³ Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч., т. 1, стр. 390.

тері» сияқты төрт-бес мақаласы 1861 жылы жарық көрді.

Шоқан 1862 жылы А. Н. Майковке жолдаған хатында газетке немесе журналға тілші болғысы келетіндігін білдіреді.

Шоқан саяхат кешіп жүрген кезінде үнемі күнделік жазып отырған. Оның қолжазбалары ішінде өз қолымен жазылған «Журнал» деп ат қойған, соңғы жылдарға дейін ешқайда жарияланбай келген қалың үш дәптері бар.

Бұл журналдарда жиырма жастағы Шоқан,— дейді Сәбит Мұқанов,— өзін ой-пікірі өскен, сана-сезімі жағынан сол дәуірдің алдыңғы қатарлы адамы етіп көрсеткен¹.

Бұл еңбектерінің көбі, соның ішінде Шоқан Уәлихановтың күнделіктері оның 1958 жылы басылып шыққан Таңдамалы шығармалар жинағына, 1961, 1962 жылғы бес томдық шығармалар жинағының бірінші және екінші томына енгізіліп, бірінші рет жарық көрді.

Өзінің күнделіктері мен очерктерін жазғанда Шоқан Уәлиханов орыстың демократиялық публицистикасын үлгі-өнеге ете отырып, өзінің творчестволық мәнерін тапты.

Очеркист Шоқан саяхатқа шыққан кезінде көргендері мен білгендерінің бәрін талғамсыз тіркей бермейді, өзінің ой елегінен өткен фактілерді сыншыл реалистік тұрғыдан баяндап, онан тиісті қорытынды шығарып отырады.

Рас, ол еңбектерінің барлығын дерлік орыс тілінде жазды. Бірақ ол бастауыш білімді өзінің ана тілінде алып, хат таныды. Өз аулындағы мектепте оқып жүрген кезінде әкесінің тапсыруы бойынша қазақтың ескі аңыз-әңгімелерін, мақал-мәтелдерін жазып алып, жинастырып, кейін оларды орыс достары арқылы жарыққа шығарды. Сол кездің өзінде шығыстың классикалық әдебиетімен таныса бастады. Шоқан кадет корпусында орыс әдебиетінің классикалық шығармаларымен, орыс тілі арқылы батыстық мәдениетпен танысты.

Шоқан саяхатқа шыққанда қазақ пен қырғыз халықтарының ауыз әдебиеті қолтумаларын араб әрпімен күн-

¹ Сәбит Мұқанов. Шоқанның жарияланбаған «журналынан», «Социалистік Қазақстан», 25 апрель, 1956.

делігіне жазып алып отырған. Мысалы, Шоқан жазып алған Бұхар жыраудың Абылайға арнаған жоқтауы және басқа бірсыпыра еңбектері араб әрпімен қазақ тілінде жазылған күйінде оның шығармалар жинағының бірінші томына енгізілді.

Егерде сол кезде қазақ баспасы, қазақша газет, журнал болған болса, Шоқан мақалаларын, очерктерін, әдеби зерттеулері мен сындарын өзінің ана тілінде бастырып шығарған болар еді. Алайда өз еңбектерін қай тілде жазбасын Шоқан өз халқының қамын ойлап, қалың бұқараның мүддесін қорғады, қайтсе де өзінің артта қалған халқын орыстың озат мәдениетіне жанастыру үшін күресті.

Сөйтіп, Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов қазақтың көрнекті ғалымы, демократ ағартушысы болумен қатар қазақтың публицистикасы мен баспасөзінің негізін салушылардың бірі болды.

Ыбырай Алтынсаринның ағартушылық және демократиялық көзқарастары орыстың қоғамдық ой-пікірі мен педагогикалық ғылымының алдыңғы қатарлы өкілдерінің — Чернышевскийдің, Добролюбовтың, Ушинскийдің тағы басқаларының әсерімен қалыптасты.

Демократияшыл бағыттағы орыс журналистикасы Алтынсаринді қызықтырған, ол ХІХ ғасырдың 50-жылдарының аяқ шенінде және 60 жылдардың бас кезіндегі журналдарды қажымай-талмай оқып, «жаңа журналистиканың» бетіндегі шетелдік термин сөздерді және өзіне керекті фактілерді ұқыпты түрде жазып алып отырған. Жазып алғандары қалың дәптерге айналған.¹

Баспасөзді халық ағартудың, қоғамдық ой-пікірді дамытудың аса маңызды құралы деп таныды ол. Қазақша газет, журнал болмағандықтан Алтынсарин халыққа жалпы білім тарататын, өнер үйрететін кітап шығаруды мақсат етті. «Молдалардың оқытып жүрген араб, фарсы, татар кітаптарының бәрі де адам баласын дұрыс ойдың бәрінен адастырады, кері кетіреді. Ал басқа халықтар сияқты қазақтарға да олардың өздеріне түсінікті тілде жазылған, оқығанда ақыл беріп, ой түсіретін кітаптар керек» деп жазды ол.

Осындай мақсатты көздеген Алтынсарин 1879 жылы

¹ *Н. Ильминский. Воспоминание об Алтынсарине, стр 20—21. Казань, 1891.*

«Қазақ хрестоматиясы» және «Орыс тілін қазақтарға үйретудің бастауыш құралы» деген екі кітабын орыс әрпімен қазақша бастырып шығарды.

Алтынсаринның «Қазақ хрестоматиясы» әрі оқулық, әрі көпшілікке арналған публицистика және көркем әдебиет шығармаларының жинағы, халыққа әртүрлі білім беретін энциклопедияның ролін атқарды.

Публицистика Алтынсаринның хаттарынан өте айқын көрінеді. Хаттарының басым көпшілігінде қоғамдық-саяси маңызы бар мәселелер жөнінде өзінің көзқарасын неғұрлым еркін айтады. Сонымен қатар озбырлықты, жолсыздықты батыл әшкерелейді.

Алтынсарин 1862 жылғы бір хатында «Қазақ халқы қарапайым, өнері жоқ халық.¹ Бірақ біз қарапайымдылықтың өзінен де көп жақсылық табамыз. Қазақ халқы ұғымтал, ақылды, дарынды, бірақ оқымаған халық. Мәселе оны ағартуда болып отыр» — деп жазды.

Ауыл кедейлерінің аянышты халін айта келіп, Алтынсарин: «Оларды көргенде мен өте қатты күйінемін»¹ — дейді. Оның еңбекші адамдарға деген жан ашырлық сөздері А. Н. Радищевтің орыстың басыбайлы еңбекші шаруаларының қайыршылық, қоршылық өміріне жаны ашып айтқан сөздерімен үндеседі.

Алтынсарин ислам дінінің кертартпалық мәнін әйгілеп отырды. Молдалар, деп жазды ол, қараңғы халықтың басын қатырады, оның үстіне қазақтың ана тілін де бұзып жүр². Ал қазақты татар фанатизмінен (ислам дініне сендірушіліктен — Х. Б.) құтқару үшін өнер, білім үйрететін кітаптар шығару керек, сонда исламның таралуына жол болмайды дейді.³

Қазақ халқының қоғамдық прогреске бейім екенін, ислам дінінің шырмауы прогреске бөгет жасай алмайтынын Алтынсарин жақсы білді. Сондықтан да ол қазақ «надан жатқан, бірақ әлі азғындық жолға түспеген, пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар» халық деп айтты.⁴ Оның бұл пікірі революцияшыл демократ публицистердің орыс халқы діншіл соқыр сезіммен уланған жоқ, сондықтан ол қоғамдық прогреске тез жетуге бейім деген пікірімен ұштасып жатыр.

¹ *Ы. Алтынсарин*, Таңдамалы шығармалары, 1955, 276-бет.

² Сонда, 270-бет.

³ Сонда, 279-бет.

⁴ Сонда, 72-бет.

Ұлы орыс халқының озық мәдениетіне үлкен үміт артқан ағартушы публицистің «қазақтың жас ұрпағы орыстың тілі мен оқуын бірден-бір мәдениет, білім тілі деп ұғар, соған бой ұрып, аз болсын, көп болсын орыс рухында өсіп жетілер»¹ деп күн ілгері болжап айтқан арманы совет заманында толық іске асып отыр.

«Оренбургский листок» газетінің бетінде 1880—1884 жылдарда Алтынсаринның бірнеше корреспонденциялары, мақалалары, очерктері басылды.²

«Қазақ даласындағы ашаршылық жайында» деген мақаласында жұт болып шаруашылығы күйзелген, аштық жайлаған қазақ ауылының аянышты халін суреттей келіп, Алтынсарин патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы шығады. Торғай облысындағы қазақтардың шұрайлы жерлерін қазнаға тартып алу және оларды зорлап отырықшы ету туралы жаңа заң жобалары жасалып жатқанда «осындай ерсі жобаларды оқығанда және естігенде салың суға кетеді. Сондықтан қолайсыздау істеп отырғанымды біле тұрсам да, өзімнің оған қарсы екенімді білдіруге бел байладым»³ деп мәлімдеді ол В. Катаринскийге жазған хатында.

Ал газетте жарияланған мақаласында Алтынсарин қазақ елі отырықшы болуға әлі әзір емес, сондықтан бұл халықтың көшпелі салтын бірден жойып жіберуге болмайды. Ондай шара қолданудан бұрын әуелі сол халықтың өмірі мен салтын зерттеп білген жөн деп қазақтарды зорлап отырықшылыққа айналдыруға қарсы болды.

Шынында Алтынсарин отырықшылық тұрмысты насихаттады. Біз сөз етіп отырған мақаласында ол «Әрбір халық прогрестік жолмен дами отырып, ақыр аяғында көшпелі салттан отырықшылыққа айналуға тиіс»⁴ деп жазды.

Революцияшыл-демократиялық баспасөздің «Этнография бисаясат болуға тиісті емес, қоғамдық өмірге белсене араласуы керек»⁵— деген нұсқауына үн қоса

¹ Ы. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары, 31-бет.

² М. И. Фетисов. «Зарождение казахской публицистики». Алтынсаринның («Оренбургский листокте») жарияланған біраз еңбектері осы кітапқа қосымша ретінде енгізілген.

³ Ы. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары, 307-бет.

⁴ «Оренбургский листок», № 17, 1880.

⁵ «Современник» № 10, 1864. Рецензия. «Этнографический сборник» РГО.

отырып, Алтынсарин қазақ халқының әдет-ғұрпы жөнінде екі этнографиялық мақала жариялады. Біріншісі, қазақтың өлген адамды жерлеу және оған ас беру жөнінде, екіншісі — құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлеріне арналған.

Бұл мақалаларында ол қазақтың рушыл-феодалдық салтына негізделген дәстүрлерінің ескірген формаларын, әсіресе қалың мал, әмеңгерлік сияқты әйелдердің адамгершілік правосын қорлайтын әдеттерін орыстың ориенталист ғалымдарына таныстырды.

Қорытып айтқанда, Алтынсарин қазақтың жаңа жазба әдебиетінің ірге тасын қалаушы болумен қатар қазақтың бұқарашыл баспасөзі мен публицистикасының негізін салушылардың бірі болды. Ол өзінің шығармаларын ана тілінде және орыс тілінде жазып, қазақтың қоғамдық өмірінің келелі мәселелерін баспасөз (кітап пен газеттің) бетінде көтерген көрнекті публицист болды.

Қазақтың ұлы ақыны, ойшылы Абай Құнанбаевтың да қоғамдық-саяси көзқарасы озат орыс мәдениетінің әсерімен қалыптасты. Бұл жөнінде оның революцияшыл-демократиялық идеялары рухында тәрбиеленген алдыңғы қатарлы орыс интеллигенциясының өкілдерімен жақын болуының үлкен маңызы болды.

Абай өзінің туындыларында оқу-ағарту, философия, педагогика, әдебиет пен өнер, мораль жөнінде және қоғамдық өмірдің проблемалық мәселелері жөнінде сөз қозғады.

Абай қазақ еліне капиталистік элементтердің енуін, осыған байланысты бұған дейінгі тәртіп пен идеология шайқала бастағанын өз көзімен көрді. Сондықтан да оның творчествосының басты тақырыптары халықтың тағдыры туралы, адамның жеке басының қасиеті мен борышы туралы, пайдалы еңбек туралы мәселелері болды.

Қазақ халқының ғасырлар бойғы артта қалушылық пен надандықтан прогресшіл Россиямен, оның озат мәдениетімен өте тығыз байланысты болған күнде құтылатынын Абай жақсы білді. «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста». Сондықтан орыстың «тілін, оқуын, ғылымын білмек керек» деп жазды ол (жиырма бесінші сөзінде).¹

¹ Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы, 1961, 458-бет.

Абай «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінде қазақ балаларының орыс мектебінде оқи бастағанына қуанышты екенін білдіреді. Жастарды өнер үйреніп, білім алуға шақырады. Оқығанда шен-шекпен алу үшін емес, халық үшін қызмет ететін адам болсын дейді. Ол жастардан «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге», ғылым оңайлықпен табылмайды деп, ерінбей оқып білуді талап етті¹.

Салтыков-Щедриннің — орыстың ұлы сатиригінің тәжірибесін үйрене отырып, Абай надандыққа, өсекшілдікке, паракорлыққа, жатыпішерлік пен арамтамақтыққа қарсы бағытталған, маңызын осы күнге дейін жоймаған әлеуметтік өткір сықақ жанрын жасады. Публицист Абай елге ығыр көрсеткен байларды, жебір болыстар мен чиновниктерді аяусыз әшкереледі.

Мәселен, «Күлембайға» («Болыс болдым мінеки») деген өлеңінде сайлаушыларын сатып алу жолымен мансап иесі болған болыстарды, пара алған орыс чиновниктерін өлтіре сынайды, оларды халық алдында жексұрын адамдар етіп көрсетеді.

Абайдың «Есек» деген памфлет өлеңін Салтыков-Щедриннің «Бір мұжықтың екі генералды қалай асырағаны туралы хикая» деген шығармасымен салыстырсақ, бұл екі халықтың ұлы жазушыларының арасында идеялық байланыс болғанын көреміз. Абай өзінің бұл шығармасында адамшылық ардан безіп, тек баюды ғана көздейтін адамдарды келеке етеді. Щедрин сипаттаған генералдар сияқты еңбекші халықтың еңбегін қанау арқылы дәурен сүріп отырған байларды масқара етеді.

Бұл айтылғандарға қарағанда Абайдың өлеңдерінде де, сондай-ақ қарасөздерінде де публицистика барлығы айқын көрінеді.

Абайдың өзі бірінші сөзінде: «Осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын; кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» дейді.

Стиль идеялық мазмұны жағынан алғанда Абайдың қарасөздері — нағыз публицистикалық шығарма. Оның «Әйгілеушілік күші халық өзінің қамқоршысына түсінер,

¹ Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы, 1961, 92-бет.

сөйтіп қараңғылықтан, надандықтан, патриархальдықтан арылар деген үмітпен ұштасып жатыр. Бұл жөнінен Абай алдымен революцияшыл-демократияшыл публицистиканың жолын қуған»¹.

Мұхтар Әуезов Абайдың еңбектері халыққа үш түрлі жолмен таралды дейді: бірінші — баспа арқылы тарауы; екіншісі — халық арасына ауызша жатталып, әнмен араласып тарауы; үшіншісі — қолжазба түрінде әрі көлемді жинақтар болып, көшіріліп тарауы².

Абайдың көзі тірісінде, оның «Жаз», «Күлембайға» деген екі өлеңі 1889 жылы «Дада уалаяты» газетінде басылып шықты. Осы кезде оның «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат» деген тағы бір өлеңі Қазан қаласында басылған бір жинаққа енгізілген.

Абай қайтыс болғаннан кейін, Орынборда татар тілінде шығып тұрған «Уақыт» газетінде 1908 жылғы 333-номерінде «Абай Құнанбаев» туралы мақала жарияланды. Онда Абайдың өзі және оның шығармалары туралы құнды пікір айтылған. Газет осы мақаламен бірге Абайдың өлеңдерінен үзінді басып шығарды. Сөйтіп бұл газет Абайдың есімі мен оның шығармаларының түркі тілдес шығыс халықтарына ертеден-ақ мәлім болуына себепкер болды.

Академик Әлкей Марғұлан бұдан біраз жыл бұрын Ленинградтағы География қоғамының архивінен Абай шығармаларының қолжазбасын іздеп тапты. Оны География қоғамының кітапханасына 1897 жылы тапсырушы орыс ғалымы, әрі журналист Владимир Александрович Кудашев екен. Көлемі 145 бет қолжазбалар жинағындағы әрбір өлеңнің қарсы бетінде орысша аудармасы бар. Жинақта Абай өлеңдері өз алдына жеке топталып, оған екі тілде (орысша, қазақша) ат қойылған: «О положении современных киргиз. Стихотворения А. К.»; және «А. К. ұғылының қазақ елінің үшбу замандағы ахуалларына мұнасып (толғау) шығармаларынан». Жинақта Абайдың аты-жөні толық көрсетілмей, А. К. деп инициал ғана қойылған³.

Ә. Марғұланның анықтауына қарағанда, Кудашев жинағына Абайдың 500 жол 12 өлеңі кірген. Олардың

¹ М. И. Фетисов. Зарождение казахской публицистики, стр. 231.

² Мұхтар Әуезов. Әр жылдар ойлары. 1959, 15-бет.

³ Ә. Марғұлан. Абайдың жаңадан табылған қолжазбалары. «Социалистік Қазақстан», 21 сентябрь, 1954.

ішінде «Өлең — сөздің патшасы», «Қыран бүркіт не алмас, салса баптап», «Өлеңді мен айтпаймын ермек үшін», «Байлар тұр жиған малын қорғалатып» және басқалары бар.

В. А. Кудашев 1896—1898 жылдары қазақ елін аралап жүрген кезінде Абайдың өлеңдерін не оның өз аузынан жазып алған, не оның Кәкітай сияқты шәкірттері жазып берген. Кудашев 1898—1899 жылдары Абай өлеңдерін орысшаға аударып және қазақша күйінде баспаға даярлайды. Бірақ сол тұстағы Россияның ішкі саяси жағдайына — жұмысшы қозғалысының күшеюіне байланысты қанаушылық пен озбырлықты батыл сынайтын Абай шығармаларының басылуына цензура рұқсат етпеген болу керек.

Бұл жинақтың тарихи және ғылыми маңызы — біріншіден, Абайдың тірі кезінде жазылып, жарты ғасырдан аса уақыт бойы Ленинградтағы ірі кітапханалардың бірінде сақталып, қолжазба журнал ретінде зерттеуші ғалымдардың назарын аударып келгендігінде; екіншіден, Абай шығармаларының ұлы орыс халқының тілінде бірінші рет аударылуында; үшіншіден, — Э. Марғұланның еңбегі арқасында бұл сияқты асыл мұраның фото көшірмесі жасалып, 1952 жылдан бері Абай творчествосын зерттеушілердің игілігіне айналдырылуында. Бұл жинақтағы бұрын жарық көрмеген Абай өлеңдері кейін оның толық жинағына енгізілді.

Абай қайтыс болғаннан кейін, оның шығармаларының ең алғашқы таңдамалы жинағын бірінші рет Петербург баспаханаларының бірінде 1909 жылы Кәкітай бастырып шығартып, бүкіл қазақ еліне таратты. Бұл жинаққа Абайдың тек өлеңдері ғана енгізілген еді. Революциядан кейін Абай қарасөздерінің «Мүрсейіт қолжазбасы», «Жандыбай қолжазбасы» және «Қазақтың қайдан шыққаны туралы» сияқты Абайдың өз қолжазбасы табылып, баспа жүзін көрді.

Абай орыстың революцияшыл-демократияшыл интеллигенциясының көрнекті өкілдерінің еңбектерімен таныса отырып, олардың ағартушы-демократиялық идеяларын қабылдады. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде Чернышевский мен Добролюбовтың «Современниктің» бетінде айтқан пікірлерімен ұштасып жататын пікірлер жиі кездеседі. Бірақ Шоқан сияқты Абай да орыс ағартушы

публицистерінің революцияшыл идеяларын қазақ еліне қолдануды әлі ерте деп есептеді.

Абайдың қазақтың қоғамдық өмірінің мәселелері жөнінде прогресшіл-демократиялық тұрғыдан айтқан пікірлері Шоқан мен Ыбырай публицистикасындағы ой-пікірлерімен де өте тығыз байланысты. Бұл үш ағартушы публицистің дәстүрі бірімен бірі жалғасып жатқанын және үшеуі де орыстың революцияшыл-демократияшыл публицистикасынан үлгі-өнеге алып отырғанын сипаттайды.

Алдыңғы қатарлы орыс публицистикасы мен журналистикасынан үлгі ала отырып, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев еңбекші бұқараны қанаушыларға, феодалдық-патриархалдық салт-сананың қалдықтарына, кертартпа ағымға қарсы күресті.

Қазақ ағартушылары өз ұлтының жазба әдебиеті мен әдеби тілінің, қоғамдық және ғылыми ой-пікірінің негізін салумен бірге қазақтың бұқарашыл публицистикасы мен баспасөзінің негізін салды.

2. Қазақ тілінде шығарылған алғашқы газеттер

Қазақстанның Россияға қосылуының нәтижесінде мұнда капиталистік қатынастар еніп, дами бастады, бұрынғы патриархалдық-феодалдық қатынастар ыдырап, ауылда тап жігі ашыла түсті. Қазақтар шаруашылықтың жаңа түріне көшуге бет бұрды.

В. И. Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген атақты еңбегінде капитализмнің даму процестерін талдай келіп, «...әрі кең, әрі терең түрде дамыған және дамып келе жатқан осы процестердің барлығы капитализм дамуының қажетті мүшелі бөлімдері болып табылады және өмірдің ескі формасына қарағанда терең прогрестік маңыз алады»¹ деп көрсетті.

Қазақстанға орталық Россиядан орыс шаруаларының көшіп келіп орналасуының зор маңызы болды. Олар қазақтардың отырықшылыққа, егіншілікке көшуіне әсер етті, орыстар мен қазақтар арасындағы достық қатынастар күн санап нығая берді.

Патшалық Россия халықтардың түрмесі болғанын естен шығаруға болмайды. Патша үкіметі шет аймақ-

¹ В. И. Ленин. Шығармалар, 3-том, 641-бет.

тардағы халықтарды аяусыз езіп, азапқа салды, оларды надандық пен қараңғылықта ұстауға тырысып, ұлт араздығын қоздырып отырды. Россияның басқа халықтары сияқты қазақ халқы саяси жағынан еріксіз болды, ұлт мәдениеті әсіресе тілі қорланды. Бірақ патша үкіметінің және орыс буржуазиясының отаршылдық саясатына қарамастан Қазақстанның Россияға қосылуының терең прогрестік маңызы болды. Бұл қосылудың нәтижесінде Қазақстанда экономика мен мәдениеттің дамуына жағдай жасалды.

Капитализмнің ескі шаруашылық құрылысты өзгертуі, деп көрсетті В. И. Ленин, халықтың рухани бейнесін өзгерту ісіне де сөзсіз әкеліп соғады¹. Қазақстанға капиталистік қатынастардың терең бойлай таралуы мұндағы ескі шаруашылық құрылысты өзгертті, ал мұның өзі қазақ халқының санасына да елеулі өзгеріс енуіне әсер етті.

Ұлы орыс халқының озат мәдениеті қазақ мәдениетінің өркендеуіне игі әсерін тигізді, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев сияқты демократ-ағартушылар шықты, олардың ізінше ұлт интеллигенциясы қалыптаса бастады. Орысша және қазақ тілінде оқытатын мектептер ашылды. 1862—1900 жылдар арасында қазақ тілінде 70 шамалы кітап басылып шығып, қазақтың жазба әдебиеті мен мерзімді баспасөзі пайда болды.

Қазақстанның қалаларында патшаның жергілікті әкімшілік орындарының ресми органдары болып табылатын газеттер шыға бастады. «Облыстық ведомстволармен» қатар қазақ тіліне аударылып Орынборда «Торғай газеті», Омбыда «Дала уалаяты», «Ауыл шаруашылық листогі» сияқты газеттер шығып тұрды. Ташкентте қазақ тілінде шығарылған «Түркстан уалаяты» газеті, сондай-ақ Оралда, Астраханьда және басқа кейбір қалаларда шығарылған газеттер де Қазақстан өмірімен байланысты болды.

Бұл газеттер қазақ халқының қамын ойлап, оның әлеуметтік-шаруашылық және мәдени-ағарту тілектерін ескергендіктен шығарылған жоқ, патша үкіметінің отаршылдық саясатын күшейте түсу, оның бұйрық-жарлықтарын жергілікті халықтардың ана тілінде жариялап, сөз-

¹ В. И. Ленин. Шығармалар, 3-том, 663-бет.